

"Электр энергиясын энергия өндіруші білікті ұйымдардан сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 70 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 756 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 876 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2014 № 876 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Электр энергиясын энергия өндіруші білікті ұйымдардан сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 70 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Электр энергиясын энергия өндіруші білікті ұйымдардан сатып алу қағидаларында:

3-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*